



Мұнайлы

Газет 2009 жылдың
01 мамырынан
шығады



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№03 (101), сәуір, 2018 жыл

ӨЛКЕ

Амал келді - жыл келді

КӨРІСУ-БҰЛ КӨНЕНІҢ ЖЕЛІСІ ЕДІ...

«Бұл ән бұрынғы әнінен өзгереді» демекші, әр жыл сайын Көрісуді ерекше атап өтетін ұжымның бұл жолы Амалды айрықша күткені қара таңнан-ақ елен еткізіп, сауықшыл елдің көңіл-күйі бәрімізді еріксіз елктірді. Ниеттің түндігін айқара ашып тастап, жарқылдасып, жамырасып, кішісі үлкенін іздеп департаменттерді аралап жүрген әріптестерге қарап айрықша сезім билегені рас...

Амал күні қазағым көріседі,
Көрісу, бұл көненің желісі еді.
«Жасың құтты болсын» деп жамырасып,
Ақ ниетпен адал қол беріседі.

Көріседі – «Көңілдер жібісін» деп
Көріседі – «Тасысын ырысың» деп.
Көріседі – «Көк мұз да жылысын» деп,
Көріседі – «Оң болсын Ұлысын»,-

деген жыр ғана деген шырайлы күннің мәнін бере алғандай еді. Таңғы сағат 10.00-да компания қызметкерлері жапатармағай Басқарма басшылығымен, жасы үлкен аға әріптестермен қол берісіп, көрісіп жатқанда да осылай марқайып тұрдық.

Кең етек, бүрмелі көйлек, оюлы бешпент киіп, шашақты орамалын әдемілеп салған қыз-кейіншектерден көз сүрінгендей... Әр кабинетте - Қадырша айтсақ, құлды бір қонағын Құдайындай сыйлап, атсызға ат беріп, шапан жабатын нағыз қазақи мәрттік. Ата-баба аруағына ырымдаған Жеті шөлпегін қойып, дәм ұсынған ұжымдастар! Қанша заман ауысса да, жарықтың жылдамдығымен зымырап бара жатқан сан түрлі технологияны әлемдік дүрмектің көшінде қазақи дәстүрдің атын аудармай, жүгін бұзбай, баяғы ата-бабаның салған жолынан ауытқымай келе жатқаны ұлттық рухтың, санаңның салмағынан екеніне тағы бір куә болдық. Осы беттен таймай, ұлттық дәстүрді ата-бабадан бізге жеткен күйінде ертеңге жалғап жіберсек Амалдың дүниеде соңғы қазақ қалғанына салтанат құратынына көміліміз...

Мәжіліс залында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бақыт Алтайұлы және бас директорының бірінші орынбасары Пәй Цзяньшэн мырзаның құттықтауымен салтанатты шара шымалдығы түрілді:

— Құрметті әріптестер! Баршаларыңызды келіп жеткен Амал мерекесімен құттықтаймын. Халқымыз Наурызды



жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Олай болса, Амал мерекесі бәрімізге жаңа жетістіктер, молшылық пен татулық әкелсін, амалдан амалға аман жетейік, – деді Басқарма басшылары.

Ұжымды құттықтауға келген қос өнерпаздың атағына да ел қанық. Қазақстан Республикасы Мәдениет ісінің үздіктері, ағайынды Асқар, Асанәлі Көшерөгер сазгер Талғат Атшыбаевтың «Шалқымасымен» көрерменді қоса тербелтті. Ал Шәмшінің:

Қара көзіңнен мөлдір,
Торғай даласын көрдім.

Сен тау болып ендің,
Өр тағдырыма!,-
деген әсем әнін ұжымның әппақ аруларының әрқайсысы өзіне ғана арналғандай қабылдады. Күмбірлеген домбыра мен сызылған гитара үнінен төгілген әрлі әуен Амалды асыға күткен ағайынның қуанышын еселей түсті.

...Игі дәстүр үзілмеген ұжымның ынтымағын біріктірген, жақсылықты дәріптеп, салтымызды ұлықтаған Ұлыс мейрамында бір-бірімізге құт-береке тілеген жақсы көңіл-күйде Асар кенорнына асықтық...

(Жалғасы 4-5 бетте)

Саясат

ЖАСТАР – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

28-29 наурыз аралығында Астана қаласында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қатысуымен «Жас Отан» Жастар қанатының IV съезі өтті. Оған еліміздің барлық аймақтарынан «Жас Отан» жастар қанатының белсенділері, жастар ұйымының мүшелері, шығармашыл жастар, жас ғалымдар, спортшылар, жұмысшы және ауыл жастары қатарынан 1500-ге жуық делегат қатысты. Съезде «Жас Отан» жастар қанатының жарғылық құжаттарын реттеу, «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы, Елбасының 5 әлеуметтік бастамасы туралы мәселелер қаралды.

Делегаттар пікірталас алаңдарында ашық әңгіме өткізіп, «Рухани жаңғыру», «Цифрлық Қазақстан», «Қазақстанда жасалған», «Білім, ғылым, Инновация», «Сауатты ұлт» тақырыптары бойынша өздерін толандырған мәселелерді ортаға салды.

Съезге қатысқан Маңғыстау облысы делегациясы құрамында біздің әріптесіміз «Жетібай-мұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнай дайындау және айдау

цехының операторы Владимир Кызылғұловтың болуы компания мұнайшы жастары үшін зор мәртебе.

- Елордаға келіп, «Жас Отан» жастар қанатының IV съезіне делегат болу құрметіне ие болғанымна шын қуаныштымын. Алқалы жиынға Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қатысуы, бізді ел болашағы деп сеніп, алдымызға нақты міндеттер қойғанын өз

құлағыммен естуім өмірімдегі жарқын сәт деп есептеймін.

Мен секциялық жұмыс кезінде «Цифрлық Қазақстан» тақырыбын таңдадым. Еліміздің өркендеуі жолында алға қойған барлық мақсаттарға жету үшін сапалы білім мен жаңа технологияларды енгізе отырып перспективалы салаларды дамытуға ынталы замандастарымның жастық жігер-қайраты, ой-пікірлері білім көкжиегімді кеңейткенін ерекше айта кеткім келеді. Жарқын болашаққа деген сенім қанат бітірді! Біз, жастар, Елбасымен қай кезде де біргеміз және қолдаймыз, Тәуелсіз Қазақстанның ертеңінің нұры болатынына сенеміз! - деп әріптесіміз алған әсерімен бөлісті.

Екі күнге жалғасқан съезд жұмысын «Жаңа әлемге жол сал аламын» гала-форумы қортындылады. Форумға Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қатысты.



Компания тынысы

ҚАЙЫРЫМДЫ ЖАНДАР САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Қадірлі оқырман, өзіңізге белгілі Компания жанында мұнайшылардың еркімен құрылған «Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры қызметін онан әрі жүзеге асыруда.



Сонымен, 2018 жылдың да екі айы артта қалды. 2018 жылдың қаңтар айы есебін Қор шотына 145 000 (бір жүз қырық бес мың) теңге көлеміндегі қаражат жиналды. Осы қаражатқа 2017 жылдың желтоқсан айынан үнемделіп қалған 60 000 (алпыс мың) теңге мен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ № 3 цехы қызметкерінің садақаға берген 15 000 (он бес мың) теңге көлеміндегі қаражатты қосылып, қаңтар айында қайырымдылыққа жұмсалатын қаражаттың жалпы сомасы 220 000 (екі жүз жиырма мың) теңгені құрады. Бұл қаржы Қор Қамқорлық кеңесінің №5 хаттамалық шешіміне сәйкес жүрек ауыстыру үшін Астана қаласындағы клиникалардың бірінде кезекте тұрған А. Сейтенов деген азаматтың хатына сәйкес оның мүддесіне жұмсалды.

Ақпан айында Қор салымшыларының саны артып, бірден 198 000 (бір жүз тоқсан сегіз мың) теңге Қор

есеп шотына түсті. Аталған сома есеп шотта қалған азғантай қаражат есебінен 200 000 (екі жүз мың) теңгеге дейін толықтырылды. Қамқорлық кеңес отырысының шешімімен Қор атына арыз жазған мүжәлсіз жалғыз басты ана С.С.Козбақарова мен «Маңғыстау» телеарнасының әңгіршінен көмек сұрап

егілген алтын алқалы ана А.Эсенязованың гидроцефалия індетіне шалдыққан екі жасар бөбегінің еміне деп 100 000 (бір жүз мың) теңгеден теңдей бөлініп берілді. «Алған

қолдан берген қол жақсы» демекші осындай қайырымды істің төңірегіне жиналып, барға қанағат тұтып, өзгемен болісе білген барша қайырымды азаматтарға көмекке не болған аналардың алғысын, «балашағаларыңның қызығын көріңіздер» деген ақ батасын жеткіземіз.



F. Өбдісәдік

Таным



ДІН ҮРЕЙ ТУДЫРМАЙДЫ

Ислам терроризмге қарсы, “сәлем”, яғни, тыныштық сөзімен түбірлес.

Бүгінгі тақырып азында сіздің назарыңызға ұсынамыз - көзсіз сенудің, діннің негізгі қағидаларын назарға алмай басқалардың ақылына ерудің, өзіне Құдайдың сый қылып берген ақылын өзгелердің сеніміне көмудің нәтижесінде сол бәз біреулердің желеуін иман, шариғат, ислам, дін құрбанылығы деп жанақтүсініп жаза басқандар туралы болмақ.

Бастапқыда, мұндай сенімдегі адамдар топ болып өздерінің ұлтынан, салт-дәстүрінен, жақын-жарандарынан безіп, тіпті мен мұсылманмын деген адамдардың, оның ішінде өзінің басшылығының сенімін жоққа шығарады. Нәтижесінде “дінсіздік”, яғни, көпірлікпен айыптап мал-жан, дүниесін “халал”, ашып айтқанда, соғыс жолымен тәркілеп алуға болады деген пәтуәні ұстанады. Осындай шешіммен айрандай ұйыған кез келген халықтың шырқын бұзып, тас талқанын шығаруы әбден ықтимал. Кей жерлерде мұндай сұмдық тірліктері орын алғанына куә болып та жатырмыз.

Қазіргі жер бетінде Ислам дінінің атымен болып жатқан лаңкестіктер осындай сенімнің нәтижесі екенін біліңіз!!

Қазіргі таңда біраз адамдар өзін діндар етіп көрсетіп, тек қана өзінің жөн санап, өзіне ұқсамаған өзгелерді дінсіздікпен айыптап көріп ден тауып олардан бет бұруда. Мұсылман бауырларының қанына қолы былғанғандардың лас тірліктері нышмымен ислам дінінде бар ма деген сауал көпшілікті мазалайтыны сөзсіз.

Сөздің турасы - дін атын жамылған ондай пенделердің Ислам дініне үш қайнаса сорпасы қосылмайтындығын дәлелдеп, асыл дінімізді ұлықтап, кей пенделерді күмәнді күдіктен сейілткісі келеді.

Асыл дінімізде, Қасиетті Құранда Ұлы Жаратушы өзінің мынау күлді әлемге жіберген елшісі Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарды мейірімге балап “Біз сені ғаламға тек қана рахым етіп (мейірім ретінде) жібердік”, дейді.

Енді қараңызшы!! Қалайша сондай мейірімді тұлғаға ұқсағасы келген бір пенде өзін мұсылман діндар санап, өзгелерге мұрынын шүйіріп көкіректік танытады, қандай қыйсынсыз? Діндарлықтың төресі болған Пайғамбарлардың өзінің жақындарымен, жалпы қоғамымен қандай мәміледе болғанын сіздерге ұсынып таңырқатпақпыз. Жақсылап түйіп, ізгілердің өмірімен сабақтасыңыз!

Нұх (а.с.) деген Пайғамбар Алла тарапынан таудай толқындар жерді шайған сәттерде, күлді діннен бет бұрғандар су астында ажал күшіп жатқанда, олардың арасында Нұх (а.с.) Пайғамбардың өзінің де ұлы бар еді. Арпалықта ұлына жаны ашыған Пайғамбар:

“Ей құлыным бізбен бірге (кемеге) мін” (12/42) деуі діні жағ болса да, Алланың дінін ұстанған адамның өзгелерге қандай мәміледе болуы керек екенін көрсетеді.

Дәл сол сияқты Құранда (66/10) Нұх (а.с.) қатар Лут (а.с.) деген Пайғамбардың әйелінің дінге келмегендігі, бірақ Лут (а.с.) Пайғамбар бола тұра өз әйелінен “кәпірсін” деп бет бұрмағандығы айтылады.

Біз білетін Ибраһим (а.с.) Пайғамбар өзінің көкесіне:

Сіз де, қадірлі оқырман, осындай істерге себепші болып, сауапты амалдарды жасай аласыз. Ол үшін 212-492 телефон нөміріне хабарласып, Қор атына бір рет арыз жазсаңыз болғаны. «Садақанды сауында бер» деген қазағым асыл Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) «Адамның өмірінде берген бір дирхам садақасы, өлім сәтінде берген жүз динар садақасынан артық» деген хадисін меңзеген болса керек. Әрі пенде мұқтажға садақа бергенде оның мүлкінен ештеңе кемімейді. Керісінше Алла оның мүлкіне береке беретін болады. Ардақты Пайғамбарымыз (с.а.у.) тағы бір хадисінде былай дейді: «Садақа мал-дүниені ешқашан кемітпейді. Пенде қолын садақа беру үшін созғанда ол садақа сұраушының қолына жетпейтін бұрын Аллаға берілгендей болады» деп келтіреді. Демек, садақа қай қырынан қарасаңыз да берекенің кілті болғалы тұр. Жақсылық жасауға асығыңыз, әріптес!

Эхо событий

ЛЮДЯМ ТРУДА – ПОЧЕТ И СЛАВА!



В Астане состоялся очередной IX Пленум Центрального Совета Общественного объединения «Казхастанский отраслевой профессиональный союз нефтегазового комплекса» (КАЗМУНАЙГАЗПРОФ). Участники профсоюзного форума единогласно приняли Обращение к работникам отрасли о поддержке и активном участии в реализации Послания Президента страны народу Казахстана от 10 января 2018 года «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции», утвердили Дорожную карту модернизации Отраслевого профсоюза и план основных мероприятий по её реализации.

В обсуждении задач по модернизации профсоюзной деятельности и Плана основных мероприятий по реализации Дорожной карты КАЗМУНАЙГАЗПРОФа активное участие приняли председатели областных филиалов, локальных профсоюзных организаций нефтегазовой отрасли, которые обменялись своим видением дальнейшей модернизации профсоюзной деятельности, направленной, прежде всего, на повышение эффективности защиты трудовых прав и интересов работников, усиление роли профсоюзов в коллективно-договорных отношениях, укрепление исполнительской дисциплины, повышение ответственности руководителей и членов выборных профсоюзных органов всех уровней. Они единогласно поддержали Обращение участников IX Пленума Центрального Совета к работникам отрасли по активному участию в реализации задач, поставленных Главой государства в своем Послании народу Казахстана и выразили уверенность в их достижении.

На IX Пленуме Центрального Совета традиционно были рассмотрены организационные вопросы. Членами Исполкома единогласно были избраны: Тарген Мысамбаев, председатель локального профсоюза АО «Мангистаумунайгаз» и Мақсат Раханов, председатель Мангистауского областного филиала КАЗМУНАЙГАЗПРОФ. В состав Центрального Совета были избраны: Мухтар Тиникеев, заместитель председателя Федерации профсоюзов РК; Қазақстанның Еңбек Ері Руслан Қуатов, инженер-менеджер компании ТОО «Тенгизшевройл».

Центральный Совет единогласно избрал Почетным председателем КАЗМУНАЙГАЗПРОФ Қазақстанның Еңбек Ері Ұзақбаба Қарабалина, стоявшего у истоков создания отраслевого профсоюзного объединения нефтегазового комплекса; утвердил положение и состав Совета ветеранов в который вошли славные представители нефтегазовых предприятий регионов страны, во главе с Санатбаем Масатовым, ветераном труда и профсоюзного движения Казахстана; утвердил Положение о филиалах, о первичных организациях КАЗМУНАЙГАЗПРОФ, новые названия всех действующих нормативно-правовых документов отраслевого объединения.

На заседании Центрального Совета состоялось чествование первых победителей отраслевого смотр-конкурса на звание «Мұнай-газ өндірісінің озаты - 2017», посвященного Дню Независимости Республики Казахстан - оператора по добыче нефти и газа 4 разряда ЦДНГ № 3 ПУ «Жетыбаймұнайгаз» Болатбақа Отарова, слесаря-ремонтника 5 разряда ЦДНГ № 1 ПУ «Каламкасмунайгаз» Мамырғата Тасмуратова, а также работников других компаний.

Председатель КАЗМУНАЙГАЗПРОФ Султан Калиев вручил медали «Салалық кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» героям труда - Қазақстанның Еңбек Ері, Ұзақбаба Қарабалину и Руслану Қуатову, ветеранам нефтегазовой отрасли, членам Совета ветеранов, в том числе и ветерану профсоюза АО «Мангистаумунайгаз» Санатбаю Масатову.

Амал келді - құт келді

ЕР ДӘУЛЕТІ - ЕҢБЕК

Қазақ құлмат заманның талайын көріп, басынан кийіндікті көп кешкен халық. Ортақ ұлттық ар-намыс пен қандастықтан, түсіністік пен сүйіспеншіліктен, салт-дәстүрден шегініп, жатпен жақындасып, тасбауыр, суық бола бастағанымыз да рас. Алайда зарыға күткен егемендікке қол жетті. Өшкеніміз жанып, өткенімізге көз салдық. Тарихнамамыздан қанымызға сіңген әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді архивтегі шаңнан сілкіп, ой-санамызға сәуле түсірдік. Егемендікпен бірге Наурызнамамыз оралды. Күні кеше Егемендіктің 27-ші көктемін қарсы алдық. 27-ші Амалмен аман қауыштық. Қойнауы құт Қаламқаста ақшаңқан үйлер есігін айқара ашты. Боз кілемде балуандар белдепті. Мереке легі Жетібайға ауысты. Біздің тілшілер өлкенің өндірісіне жауапты мұнайшылардан ұлттық мерекенің ұғымдары жайлы яғни "Наурыз көже", "Қыдыр ата" жөнінде сұрап, мерекелегі көңіл-күй, ізгі тілектерін тыңдап қайтты.



Газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехының жөндеуші слесарі Жәніс Жайманұлы ұлық мейрамды асыға күтетін кейіпкеріміздің бірі.

— «Баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген. "Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын" деп бата беріп, таң атғысымен үй-үйді аралап, көрші-қолаң, жекжат-жұрағатымен көрісу ең игі ең ізгі дәстүр мен үшін. Кешірім айы. Бірлік пен берекенің татулық пен жарастықтың айы. Әр жыл сайын жұмыста әріптестерімізмен осы ұлық мерекені атап өтеміз. Қыз-келіншектер наурыз көже жасап, ақтан дәм татып мәре-сәре боламыз. Жеті түрлі дәмнен: су, сүр ет, тұз, май, дән, айран, күрт және басқа дәнектерден жасалған Наурыз көженің сипатына біздің халқымыз қандай

мән берген! Сүт немесе ақ құйғаны - «Сүттей ұйып отырайық, көңіліміз ақ, таза болсын» деген ұғымды білдіреді. Қазақта: «Ағы бардың бағы бар» деген түсінік бар. Ет қосқаны - ет қазақтың төл асы. «Қазан толсын, асар мол болсын» деген мақсатта сақталған сүр етті Наурыз көжеге мол етіп салған. Ал дәмді дақылдардың емдік қасиеттері бар. Бұл күні наурыз көжені тойып ішкен адам жыл бойы тоқ жүреді, дені сау болады, отбасында береке-бірлік орнайды деген бар. Тамырынан ажырамаған қазақ Наурыздан да ажырамайды деп сенем. Жастарға осы рухани дүниені дәрiптесек ұғылмаймыз деп ойлаймын, – дейді мұнайшы Жәніс Тасбаев.

Өндірісте жүріп көңілге қонар көп дүниені айтқан Жәніс ағаға риза болдық.

Жәніс Тасбаевтың әкесі атақты мұнайшы Жайман Тасбаев ұзақ жыл "Жетібай-мұнайгаз" өндірістік басқармасында өмір бойы еңбек етті. Әке жолын қуған ұл бүгінде үбірлі-шүбірлі. 6 баласынан тараған ұрпақтың ортасында базарлап отырған жайы бар.

Өндірістік қызмет көрсету базасында дәнекерлеуші, кейін газ цехына ауысқан

Жәніс аға ПН-70, ПП-УН-02 ғимараттарды жылыту қондырғыларының қысымын, температурасын күні-түні калағалайды. Бригадасында 20 слесарь 5-күндік жұмыс кестесімен қызмет етеді.

— 87 адам жұмыс жасайтын газ цехы ынтымағы жарасқан ұжым. Әр қызметкер өз ісіне аса жауапты, – дейді еңбек адамы.

«Мұнайлы өлкенің» наурыздық кейіпкері – Сыламғали Кенжебаев. 37 жыл еңбек өтіліде қайнаған еңбектің бел ортасында жүрген білікті маманның кейінгі буынға айтар ақылы, бөлсер жәжірбесі жетерлік.

Өз ісін жетік білетін ақылшы әріптестің өз ортасында қадірі зор. Өндірістің ыстығы мен суығын бастан өткізген мұнайшы аға Жетібай кенорнының өсіп-өркендеуі жолында жан амай еңбек етіп келеді.

Жетібай жерінде тұрақтаған Сыламғали аға бүгінде 4 баланың әкесі. Туған апасы Кенжебаева Айсұлу да мұнай және газ өндіру цехында технолог болып қызмет етеді.

— Наурыз мейрамын жақсы көрмейтін қазақ жоқ шығар. Наурыз сөзі парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Жыл басының рухани бейнесі - Қыдыр ата туралы бала кезімізде үлкендерден көп естідік. Қыдыр ата - бүкіл халықтың қамқоры, оларға жақсылық

жасаушы, ырыс, құт, несібе әкелуші ұғым. Ол Ұлыстың ұлы күнінде әр елге келіп, әр шаңыраққа соғып бата береді деген сенім бар. Сондықтан әр үй Қыдыр атаның жолын күтіп, өздерінің жанын да, тәнін де, киер киім, ыдысы мен бұйымдарын да таза ұстауға тырысады. Үйдің іші-сыртын, қора-қолыны тазартып, ағаш егіп, өсімдікке су құяды. «Қыдыр қонған», «Қыдыр дарыған» деген сөздер осындай дан шыққан деп ойлаймын, – дейді Сыламғали Қыдырбайұлы.

Өңірдегі өндірістің өркендеуі жолында тер төгіп жүрген азаматтар Наурыз мерекесі адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастыратын рухани күш деп есептейді. Ендеше Наурыз құтты болғай, ырыс мол болғай!



Механикалық цехтың 4-дәрежелі газ электр дәнекерлеушісі болып қызмет ететін Қайрат Ескалиұлы ұжымында абыройға бөленген жан. Мұнайшылар арасында тұрақты түрде өтетін "Үздік маман" сайысының жүлдегері. Наурызда "Маңғыстау мұнайгаз" акционерлік қоғамы Басқармасының арнайылап хат жолдап, кеніштегі ұзақ жылғы адал еңбегі үшін алғыс айтып, жылы лебізін білдіргені өзiмдi ғана емес, ауыл-аймақ ағайынды тегіс қуантты. Қарапайым бiз секiлдi мұнайшыға көрсетiлген мұндай құрмет мерейiмiздi бiр көтерiп тастайды", – дейді еңбек адамы.

1970 жылы Жетібайда туған Қайрат Жұмағұлов ес билегі осы өндірісте. "Әке көрген оқ жонар" демекші, мектепті бітіре салысымен, 1988 жылы Ақтаудағы техникалық-кәсіптік училищесіне құжаттарын тапсырған еді. 19 жасында өндіріске келген өрнеңің осы саланың ыстық-суығына тәзіп, адал еңбекпен ризық-несібесін айырғанына да 30 жылға жуық уақыт өтіпті. Әкесі Ескали Жұмағұлов біраз жыл Жетібай техникалық өндірістік басқармасында көлік айдады. Анасы Әминахан Онайбаева сылақшы.

Бүгінде жолдасымен 3 бала тәрбиелеп отырған бақытты әке ұлы мен қызына ұлық мейрамның жақсы үрдіс екенін айтудан жалықпайды.

— Жыл сайын Көрісу күнін асыға күтеміз. Қасындағы талай жылғы әріптестің бар, ағайынның бар, жора-жолдасымызмен "бір

жасыңмен" деп көріскеннің өзі неге тұрады. Бұдан өзге, үш жүздің басын қосқан Отпандағы аламан тойға жыл сайын қатысуға тырысамын. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген контактармен дидарласып, ел-жұртпен, алыс-жақын ағайынмен араласып, бір жыраған қаламыз. Амал мерекесінің мәртебесін асқаттып, ұлттық деңгейге көтеру мұратымен Маңғыстауда «Адай ата – Отпан тау» тарихи-мәдени кешені бой көтергені қандай гажал! Естіп жатырмыз, көріп жатырмыз. Көрісу барша қазақтың ортақ мерекесіне айнала бастады. Құдай Қазақты осы бір жақсы дәстүрінен жаңылдырмасын. Амал мерекесі Алаштың мерекесіне айналмай керек, – деп ағынан жарылған ағаның ойын бізде құптадық.

Ақын Сабыр Адаев айтқандай, ат төбеліндей қазақтың ұлт болып, мемлекет болып жан сақтап қалуының жалғыз



жолы – ұлттық салт-дәстүрімізді, ауызбіршілігімізді сақтап қалу, осы құндылықтарды жас ұрпақтың қанына сіңіру. Қарапайым еңбек адамы Қайрат Ескалиұлының отбасы да Амалдан Амалға аман жетуге, ұл-қызының ата салт пен дәстүрді алғы күндерге жалғастыруына

жақсы тілек тілейді. Еңбектің қазанын қайнатып, қазақ елінің ертеңінің шатты, қуатты болуына мүдделі ниетте еңбек етіп келе жатқан оғат мұнайшыға бiз де қызық-қуанышты күндер, ырыс-несібелi Жыл тiлеймiз.

Жаннат КЕМАЛ

1 сәуір – Геолог күні

ЖЕТІБАЙ КЕНОРНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЗОР

2012 жылдан бері Қазақстан геологтары өздерінің кәсіби мерекелерін сәуірдің алғашқы жексенбісі күні ресми түрде атап өтеді. Осы айтулы оқиға қарсаңында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқарма бастығының орынбасары, бас геолог Тимур Сүйеуовпен әңгімелесудің сәті түсті.



– Тимур Ақмуратулы, сәл тарихқа шегініс жасайық...

– Алғашқы Маңғыстаудың жер қойнауында мұнайдың болуы белгілерін 19 ғасырда орыс саяхатшы ғалымдарымен қатар қазақтан шыққан кен саласындағы алғашқы ғалым Орамағанбет Тұрмағанбетұлы да айтып кеткен болатын. Бұл ғалымдар тау тас, топырақты зерттеп, теңіз шөгінділерін, ондағы тасқа айналған теңіз жәндіктеріне қарап және Түбіжік, Қарасаз жерлеріндегі жер бетіне шыққан битумдарға, Қайдақ сорындағы су бетіне қалқып шыққан көмірсутектерге қарап болжам жасаған. Кәсіптің теңізі теріс бетінде Әзірбайжандағы кенорындар, сол дәуірде тек Ресей емес әлем бойынша ірі кенорындар қатарында болды. Патшалық Ресей осы Маңғыстау мұнайын тауып, оны игеруге аса мұқтаж болды. Бірақ сол кездегі мұнай іздеудегі технологиялардың жеткіліксіздігі, терең бұрғылау технологияларының жоқтығы бұл ашылымдарды 100-150 жылға кейін шегерді. Өткен ғасырдың 50-ші жылдары 2-ші дүниежүзілік соғыстан кейін тұралап қалған Кеңес үкіметіне жаңа ресурстар керек болды. Осы уақыттарда Маңғыстау мен Батыс және Шығыс Сібірде геологиялық іздеулер қарқынды жүргізіле бастады. Бұл тау жыныстарының, шөгінді қабатының сипаттамасын анықтау мақсатында құрылымдық бұрғылау, терең жер қойнауында геологиялық құрылымдарды анықтау мақсатында сейсмикалық зерттеулер жүргізілді. Осы зерттеулер нәтижесінде бірнеше

геологиялық құрылымдар терең бұрғылау жұмыстарына дайындалды.

– Жетібай кенорының геологиялық ерекшелігі туралы баяндай берсеңіз?

– Әрине, қазіргі геология жұмысын бұрынғымен салыстыруға әсте келмейді. Қазір заман талабына сәйкес ол түрлі әдіс-тәсілдермен және саналуан құрал-жабдықпен жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы 14 кенорынды игеруде. Жетібай, Асар сияқты ірі кенорындарымен қатар геологиялық ерекшеліктеріне қарай терігенді және карбонатты қабаттарда орналасқан 12 ұсақ кенорын бар. Геологиялық сипаттамаларына сәйкес қарасақ, ұсақтарының ішінде кенорын типтерінің барлық түрі кездеседі. Атап айтқанда Жетібай, Асар, Айрантақыр, Бұрмаша, Бектұрлы, Шығыс және Оңтүстік Жетібай кенорындары орналасу тереңдіктері әртүрлі терігенді қабаттардағы кенорындар. Ал Кеңес дәуірінде ашылған Алатөбе, Ащыағар, Придорожный, Аққар, Солтүстік Қарағия, Атамбай, Оймаша триас дәуірінің карбонаттарында жинақталған кенорындар. Оймаша - төменгі триас дәуіріндегі гранит қабатындағы кенорын. Жалпы, Оймаша кенорны осы тұрғыдан алғанда тек Қазақстанда ғана емес, дүние жүзінде сирек кездесетін кенорын.

– Біз әлі күнге кеңестік жылдарда ашылған кен орындарын пайдаланып отырмыз. Таудағы уақытта жаңа кеніштер пайдалануға беріліп, өндіріс көкжиегін кеңейте ала ма? Жаңа технологияларды енгізу қандай нәтижелер береді?

– Қазіргі таңда жаңа кенорындар ашу мақсатында көлемді жұмыстар атқарылууда. 2017 жылы Жетібай, Оймаша, Придорожный кенорындары аймағында 3Д сейсмикалық зерттеу жұмыстары және вертикалды сейсмикалық профилдеу жұмыстары кен көлемде жүргізілді. Бұл жұмыстар жаңа геологиялық

құрылымдарды анықтауға, бұрынғы құрылымдардың сипаттамаларын нақтылауға мүмкіндік береді. Яғни, мұнай мен газ жиналуы мүмкін перспективалы аймақтар анықталады. Қазір осы жасалған жұмыстар заманауи компьютерлік технологиялармен жаңа бағдарламаларды пайдалана отырып өңделуде. Нәтижесінде аталған аумақтарда барлау ұңғыларын қазу жоспарланады.

Сонымен қатар, игеріліп жатырған кенорындарда мұнай өнімін арттыру мақсатында жаңа технологиялар қарқынды енгізілуде. Атап айтқанда технология өндірістік тәжірибеден өткізілуде:

– мұнай өнімін көбейту және ұңғының жөндеу аралық кезеңін арттыру мақсатында электро орталық тепкіш соратқыш қондырғы (УЭЦН) 8 ұңғыға түсіріліп, тиімділігі анықталуда;

– су айдау ұңғыларының су қабылдауын көбейту мақсатында гидравликалық тесу перфорациясы бірнеше ұңғыларда жүргізіліп, тиімділігі анықталуда;

– көлденең қазылған ұңғыларға қабатты гидравликалық жару жұмыстары жүргізіліп, жақсы нәтижелер алынды;

– су айдау ұңғыларында 2 горизонтқа бөлек су айдау технологиясы бойынша өндірістік тәжірибелер жүргізу осы жылға жоспарланып отыр;

2017 жылы пайдаланудағы кенорындарға жоспарланған ұйымдастыру техникалық шаралар және геологиялық техникалық шаралар жоспарын артығымен орындап жақсы нәтижелерге қол жеткізілді. Оның ішінде әрекетсіз қордағы мұнай ұңғыларын іске кесу бойынша жоспарланған 10 ұңғының орнына 56, өнімді аз ұңғылар бойынша басқа қабатқа көшіруде 25 ұңғының орнына 51 шаралар жасалып, жоспар артығымен орындалды. Су айдау қорына аудару бойынша жоспарлы 61 ұңғының орнына нақты 72-іне шаралар жасалды. Осы және басқа да геологиялық техникалық шараларды артығымен орындап, оның тиімділігін арттыру барысында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы мұнай өндіру көлемін арттырды. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда басқарма ұжымы мен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығының бірлескен қимылы, орталықтағы мамандардың қолдауын атап өткен жөн. Жалпы алғанда, уақыт көшінен арқа қалмай нарық талаптарына сәйкес

жұмысымызды жандандырып жатқан жайымыз бар.

– Өзіңіз басқаратын геологтар командасы туралы айтып өтсеңіз...

– Басқарма бойынша геология бөлімі, мұнай кәсіпшіліктері және зерттеу жұмыстары цехімен қоса есептегенде, 34 геолог мамандар қызмет етеді. Геолог мамандардың ішінде жас мамандар көп. Жалпы, геологтардың орташа жасы 30-35 жас аралығында. Геологтар ішінде еңбектен өнер-спортты қатар алып жүрген жастарымыз көп. Мекеме ішінде әртүрлі іс-шараларға осы мамандар белсенді араласып отырады. Өткен жылы жақсы жұмыс көрсеткіштеріне орай Серік Атшыбаев, Айболат Қартабаев сияқты мамандарымыз Басқарманың Алғыс хаттарымен марапатталды. Геология бөліміндегі маманымыз Берік Айдаров басқарма жас мамандар Кеңесі мүшесі. Маңғыстау жырыш, термешілерінің туындыларын нақышына келтіріп орнайдығын өнерлі жігіт. Жақында Нұржан Құсайыннов деген жас маманымыз жүзуден 1 орын иеленді.

– Сұрағымыздың соңын өз кәсібіңізді жақсы көресіз бе деп аяқтауға болатын шығар...

– Әлбетте, геология мамандығы көптің түсінігінде, арман мен қиялға толы. Өз басым, геолог болуды таңдағаным еш өкінбеймін. Қай нәрсе оңайлықпен келген?! Жеті қат жердің өз сыры бар. Аяқ астынан майдың да «еркелей» салатын «мінез» бар. Сондай кезде мұнайдың көлемін сақтап тұру үшін жан беріп, жан алатын сәттеріміз болады. Тұрақты көлемді қалт жібермей бағып отыру үшін білім, тәжірибе, ғылыми ізденіс қатар жұмресе болмайды. Мен білетін жерде нәсіптерің кәсіптеріңнен тапқан менің әріптестерім қашанда жігерлі. Ізденіске, іздеуге құштар.

Сұхбатымыздың соңында осы мүмкіндікті пайдалана отырып, барлық «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы ұжымындағы барлық геолог мамандарды кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Денсаулық, отбасыларына амандық, жұмыстарына табыстар тілей отырып, алдымызға қойылған мақсаттарды жақсы нәтижемен орындауына шын жүректен тілектеспін!

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Лаура Жолдыбаева



МЕСТОРОЖДЕНИЕ НАЧИНАЕТСЯ С ГЕОЛОГОВ

Добыча нефти и газа начинается с работы геологов. Мы отдаем дань уважения к профессии, благодаря которой природные богатства стали доступны для освоения, и людям, ставшим ее воплощением! Геологи АО «Мангистаумунайгаз» вносят достойный вклад в дело развития и процветания компании. Всегда и во все времена наши геологи отличались высоким профессионализмом, верой в успех и товарищеской взаимовыручкой! Сегодня гость нашей газеты – представитель нефтяной династии в третьем поколении – заместитель начальника ПУ «Каламкасмунайгаз» по геологии Бисенби Койшыбаев.

Основатель нефтяной династии Койшыбай Аймуратов уроженец села Таучик начал работать на месторождении Жетыбай практически с самого его открытия в начале 60-х годов прошлого века. Его молодость пришлась на военные и послевоенные годы, когда голод, нищета и разруха, все еще испытывали человека на прочность. Но сильный душой и телом, он сумел преодолеть все преграды и трудности в работе. С 1962 года и до выхода на пенсию Койшыбай Аймуратов проработал бурйльщиком, до последних дней был крепким и жизнерадостным человеком. Помимо любви к труду он привил детям и внукам любовь к чтению. Именно дедушка впервые привел тогда еще маленького Бисенби в библиотеку, а перед сном рассказывал сказки, иногда эти сказки превращались в увлекательные истории о работе, о силе человеческого духа, о том как человек находит и открывает новые кладовые природы. Кто знает может быть эти ночные рассказы о нефтедобытчиках и покорителях Мангышлака уже тогда заложили в душе Бисенби фундамент будущей профессии?!

Сын Койшыбая Аймуратова – Тлектес Изтлеуов - родился в 1947 году. После окончания школы он без колебаний выбрал профессию геолога и получил высшее образование в Казахском политехническом институте по специальности «Геология и разведка нефтяных и газовых месторождений» по квалификации «Горный инженер». Трудовую деятельность Тлектес Изтлеуов начал в 1970 году оператором по исследованию скважин 5-го разряда Мангышлакской конторы по испытанию и опробованию скважин треста МНГР. В том же году начал работать старшим геологом участка «Кансу», затем старшим инженером на этом же участке. Благодаря трудолюбию, упорству и настойчивости Тлектес Изтлеуов прошел путь от оператора до главного геолога ПУ «Жетыбаймунайгаз». И после выхода на пенсию он еще пять лет проработал консультантом главного геолога ПУ «Жетыбаймунайгаз».

Бисенби вспоминает как в детстве, отец укладывал его спать, а сам включал настольную лампу и садился за чертежи, на рассвете он все еще сидел над бумагами, что-то высчитывал, измерял, чертил. За время работы им было внесено немало предложений по улучшению организации работы по добыче нефти и газа, методов повышения нефтеотдачи пластов, в частности для Жетыбайской группы месторождений.



Из архива редакции, 2013 г.



Бисенби Койшыбаев Койшыбай Аймуратов Тлектес Изтлеуов

За значительный вклад в работу системы АО «Мангистаумунайгаз» Тлектес Изтлеуов был неоднократно награжден почетными грамотами, ценными подарками и юбилейными медалями, в том числе благодарственным письмом Премьер-Министра Республики Казахстан.

Бисенби Койшыбаев родился 1977 году, как раз в те годы геологи вели активные поисковые работы на полуострове Бузачи, которые увенчались успехом. В результате в 1979 году было образовано нефтегазодобывающее управление «Комсомольскнефть», которое сейчас называется «Каламкасмунайгаз» и именно на этом месторождении в 2005 году началась трудовая деятельность героя

нашего материала. Бисенби Койшыбаев начал работу с должности техника-геолога цеха по поддержанию пластового давления, а сейчас работает заместителем начальника ПУ «Каламкасмунайгаз» по геологии.

- Геология решает многоцелевые задачи, - говорит Бисенби Койшыбаев. - В профессии геолога тесно сочетаются решение производственных задач и разработка теоретических проблем, изучение природных объектов и закономерностей и оценка возможностей практического их использования. С малых лет я вочино наблюдал за работой деду, а потом и отца, поэтому, думаю выбор профессии геолога был предначертан судьбой. Я воспитываю двоих сыновей, и

однажды когда они подрастут и выберут профессию геолога, я буду только счастлив.

Сегодня на помощь геологам приходят суперсовременные технологии, космические снимки, компьютеры, разнообразная геофизическая аппаратура, однако глаза, ноги и ум все так же имеют большое значение. Еще колоссально много нужно постичь. Ведь вся жизнь геолога – это неустанный поиск!

P.S. Успех работы предприятия определяется работающими на нём людьми. Особый показатель — семейные трудовые династии, в которых опыт, навыки, мастерство передаются из поколения в поколение. Казахская земля богата семейными династиями. Общий трудовой стаж династии Койшыбаевых в нефтяной отрасли насчитывает почти 55 лет. Не случайно дети идут по стопам своего отца. Продолжают семейную традицию внуки. Трудовые династии на предприятии — это как маленькие ячейки, которые и создают стабильность одного большого коллектива. Ведь ни один отец не даст сыну плохого совета, да и сын не пойдёт по стопам человека, который не испытывает гордости за свой труд. Бисенби Койшыбаев достойно перенимает эстафету у старшего поколения, и теперь уже он прививает своим детям такие качества как любовь к труду и уважение к старшим.

С праздником вас, уважаемые коллеги!



Геологи обсуждают...

Қартқа құрмет - жасқа міндет

ЖАНДЫ ЖАДЫРАТҚАН ЫҚЫЛАС

Жыл сайын мемлекеттік мерекелерді атаусыз қалдырмай, жоғары деңгейде өткізуге күш салып, мән-мағынасын аша отырып, жас ұрпаққа тағылымды өнеге көрсетіп келе жатқан «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы биыл да бұл үрдісті жалғастырды. Көктемнің алғашқы мерекесі күні компания ұжымы мұнай саласының майталмандарының өмірлік жарлары болған әжелерімізді мерекемен құттықтап, құрмет пен ізеттілік көрсетті.



Алдымен данқты мұнайшы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Нәсіпқали Марабаевтың үйіне қарай бет алдық. Бізді мұнайшының жары Ләйло Оканқызы ыстық ықпалмен қарсы алды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ департаментінің басшылары, компаниядағы «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымы мен Жас мамандар кеңесінің мүшелері Ләйло Марабаеваға компанияның бас директоры Бақыт Алтайұлының құттықтау хатын оқып, гүл мен қаржылай сыйлық табыстады.

— Нәсіпқали Тәуелсіздік алған алғашқы қиын жылдары «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясын басқарды. Ол кезде мұнайшылар бірнеше айлап жалақы алмады. Күнделікті тұрмысқа қажетті заттар талонмен, бәртермен берілді. Сол уақытта Нәсіпқали шебер ұйымдастырушылық қабілетін танытып, еңбек

ұжымын, жұмыс орындарын сақтап қалды. Егемендік алған алғашқы уақытта Ақтау қаласында тек екі күнге жететін ұн ғана қалғаны есімде. Сол кезде Нәсіпқали еліміздің басқа өңірлерімен байланыс жасап, халыққа үн жеткізген болатын. Өз ғұмырында азаматтық парызы мен ел алдындағы перзенттік аманатын адал атқарған дархан көңіл, жайсаң жан еді. Нәсіпқалидің салып кеткен



Елімізге белгілі геолог Құлқаш Қарамурзиевтың өмірлік серігі болған Акмейіз Бисембиева да қонақтарды жылы шыраймен қарсы алды. Ардагерге сый-сыяпат ұсынылды. Жас мамандар гүл шоқтарын сыйлап, ана туралы әсем әндерді орындап берді. Көңілі бір марқайып қалған Акмейіз әже әңгіме арасында естеліктерді еске түсіріп, әңгімесін өнегелі сөздермен өрнектеді. Ол бүгінде 4 ұл-қызынан тараған 8 немере мен 1 шөберенің қызығына бөленіп отыр. Қонақтар қарамаңырақта дәмнен ауыз тиіп, Акмейіз әжеге амандық-саулық тілеп, келесі ардагердің үйіне аттанып кетті.

Қарияларды қамқорлық қанатының астына алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Камка Умбеталинаның, Нина



Ивановна Токареваның, Анна Петровна Козмодемьянсканың, Мадина Ғизатуллинаның үйіне барып, сый- құрметке, риясыз ризашылыққа бөледі.

— Бүгін Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында «Маңғыстаумұнайгаз» қалыптасқан дәстүр бойынша мұнай саласының өркендеуіне зор үлес қосқан атақты геологтар - марқұм Валентин Петрович Токарев, Владимир Викторович Козмодемьянский, Темірхан Сабировичнің де өмірлік серіктері, отбасының ұйытқылары болып, түгін түтеткен, ұрпағын жалғастырып, оларды әр уақытта қолдаған ардагер аналарымызды құттықтауды жөн көрдік. Қамқорлық танытып, мерекелік көңіл-күйі сыйлап, үлкенге құрмет көрсетуді мақсат тұттық. Аналарымызға құттықтау хатын, 100 мың теңге қаржылай сыйлық және гүл шоқтарын табыстадық. Көңілдері бар жадырап қалған аналардың алғысы мен батасын алғанын өз бізге рух, күш-жігер берелі, - деді «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Нұр Отан» бастауыш партия ұйымының төрағасы Ғани Әбдісәлі.

Пікір

ИМАНДЫЛЫҚ - ІЗГІЛІК

Мен Ерлан Ақтулаев – «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында 7 жылдан бері еңбек етіп келемін. Қазір «Қаламқас-мұнайгаз» өндірістік басқармасындағы №1 мұнай және газ өндіру кешенінде 3-дәрежелі оператор болып қызмет етемін. Еліміз аман, жұрттымыз тыныш! Екі қолға бір күрек табылып, отбасымызды адал аспен асырап, қара қазанымызды оттан түсірмей келеміз. Шүкір!

«Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» демекші, өз алдына отау құрып, балалы-шағалы болғаннан кейін бозбалалық жеңіл мінез артта қалып, бәліңнен тараған ұрпақтық болашағы үшін алаңдай бастайды екенсің. «Өйтсеуір аман жүріп, асып-тасып кетпесе де, ең болмаса еліне кесірі тимейтін азамат болып жетісе екен» деп тілеп, кез келген нәрседен қауіптеніп жүрміз. Ата-ана деген өзі сондай болады екен ғой... Енді біліп жүрміз... Аналарымыз бен әжелерімізге Алла рзы болсын!

Енді ешкімге жасырын емес, ұлтқа төнген бүгінгі күннің басты қауіптерінің бірі - дәстүрлі дінімізге жағалған күйе «Радикалды Ислам» деген атаумен келіп жатыр. Ұрпағымыз осы бір бөленің отына күйіп жүрмесін деп алаңдаймын. Жеке басым мұны ел ішіне ірікті салудың, айрандай ұйғыған халықты алауыз етудің әрекеті деп білемін. Ондай көзқарастарға біздің қоғамда орын жоқ!

Өзі басым дәстүрлі дінімізге ден қойған, бес уақыт намазын қаза қылмауға тырысып жүретін азаматтар қатарынанмын. Аллаға шүкір, рухымыз жаңғырып, заманымыз түзеліп келеді.

Осы мақаланың жазылуына себеп болған Маңғыстау облыстық дін істері басқармасының Жәрдембек Еженхан,

Нұрперзент Қыпшақбай есімді мамандарының адал ниеті мен сауапты қызметі. Оларға деген ұжымның алғысын білдіре кетсем деп едім.

Отбасының қамы үшін деп, өмірінің жартысын ошағынан алыста өткізетін мен сияқты жүздеген мұнайшылар үшін кенорын – Қаламқас қалашығы екінің үйіміздей болып кеткен. Айдың жартысын жанұямызға арнасақ, қалған жартысын жалпы зайырлы өркеннеттен жырақтау жатқан өндіріске арнаймыз. Тиісті жұмыс уақытын аяқтағаннан бірі - дене тәрбиесіне көңіл бөлсе, енді біріміз рухани азық іздейміз. Енді осы бағыттағы олқылықтың орнын толтырып жүрген жоғарыда есімдері аталған азаматтарға үлкен алғыс білдіреміз. Уақыт тауып, біздермен жүздесіп, дәстүрлі дінімізді насихаттап, діндегі кейбір мәселелердің ара-жігін ажыратып беріп жүр. Арнайы діни білімі жоқ біз секілді қарапайым мұнайшылар үшін бұл аудақ қажет!

«Сынаны сынамен қағып шығарады» демекші радикалды бағытқа қарсы күрескіміз келсе, дәстүрлі дініміздің насихатталуын күшейтуіміз керек деп есептеймін. Бәріміз бірдей намазға жығылып, діндар болып кетпесек те, дәстүрлі дініміздің түп негізін менгеріп, төніп тұрған катерден бойымызды аулақ ұстайтындай деңгейде болуымыз қажет-ақ. Ендігі жерде дін танушы мамандарымыз бізге көбірек уақытын арнап, арнайы білім бағдарламаларымен келсе нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын және көптеген мұнайшылар осы ойымды қолдайды деп сенемін.

Жақсы күндеріміз көп болсын!

Ерлан Ақтулаев,
«Қаламқас-мұнайгаз» ӨБ
№1 МГОК операторы

Сүйінші!

«ҚАЗАҚ АРУЫ-2018» –
НӘБИРА РАХЫМЖАН

Амалдың қуанышы басылып жатып Алматыдан сүйінші хабар жетті. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-на қарасты Көлік департаментінің қызметкері Рахымжан Тышқанбаевтың қызы Набира Рахымжан республикалық «Қазақ аруы» байқауының Бас жүлдесін қанжығасына байлады. Қазақстанда 8-мәрте өткізіліп отырған байқауға қатысудың басты шарты – қазақ тілін жетік білу. Сонымен қатар, қазақ халқының тарихы, әдебиеті мен салт-дәстүрі туралы да хабарлар болу қажет. Өрине, сұлулық байқауы болғандықтан, біліммен қатар ажар мен сымбат та таразыланыды.

«Баласы бөйгеге шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады». Жақсы хабарды ести сала біз де өріптесіміз Рахымжан

ағаның жүрекжарды қуанышына ортақтасқан едік.

— Қазым қазір Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4-курсінде оқиды. Мамандығы – тарихшы. Осы байқау боларынан бұрын, үйге қоңырау шалып, бақ сынап көрейін деген еді. Енді міне көп күттірмей, жүзделі оралды.

— Бұл байқауда «Қазақ аруы» атамам деген ой мүлдем болмады. Барлық талаптарын ескей келе, қатысып өмір келді. Болашақта өнер саласында емес, өз мамандығым бойынша жоғарғы оқу орындарында дәріс бергім келеді, – дейді 21 жастағы Набира.

Набираның бұдан өзге жеткен жетістіктерін тарқатып айтар болсақ, ол 2008 жылы – Қазақстан халықтары тілдерінің I аудандық фестивалінде Қашаған Құржыманды атындағы сайыстың термешілер бөлімі бойынша I орын; 2016 жылы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде дәстүрлі «Қыз Жібек-2016» арулар байқауының «БАС ЖҮЛДЕ» негері; 2017 жылы – Минск қаласында өткен әншілер байқауының «Бас жүлдегері».

Анама ұсағым келеді деп ағынан жарылған аруға алдағы сынақтардан сүрінбей өтуіне сәттілік тіледік. Қазақтың айнадай аруы, маңдайынан жарылқасын заманы!

Жаннат КЕМАЛ



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісәдық,
Ж.Кемал, Е.Қонақбаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., №1 ғой,
тел:
212-424, 212-601,
212-603, 212-606
Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күнігі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның редакциялық байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
«АТIS» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Ақтау қаласы,
17 ш/а.
тел: 525500